



«Бекітемін»

«Ертіс дарыны» ОКБ/ОӘО-ның басшысы

А. Шаймұрат

2023 ж. «қараша»

**Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары арасында  
облыстық «Шәкәрім оқулары» байқауын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ереже**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы облыстық «Шәкәрім оқулары» байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқау ұйымдастырушысы: Павлодар облысы білім беру басқармасының «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы.

3. Шараның негізгі мақсаты мен міндеттері:

- қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, мектеп оқушыларының классикалық әдебиетті оқуға қызығушылығын арттыру;
- Шәкәрім шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау;
- ақын шығармаларына, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**II. Байқау қатысушылары**

1. Байқауға жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары қатыса алады. Облыстық байқауға қалалық (аудандық) кезеңдерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысады. Әр командада 4 оқушы (бір бағытқа – 1 оқушы) және 1 жетекші болуы тиіс.

2. Қатысушылардың жетекшілері Байқауды өткізу уақытында, келген сәттен бастап өтетін орынға дейін, оны өткізу мерзімі және кейін тұрғылықты орнына жеткізілгенге дейін қатысушылар үшін толық жауапты. Жетекшілер білім ұйымдарының шешімімен тағайындалады.

**III. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

1. Байқау 4 бағыт бойынша өткізіледі:

1) «Мен жаздым өлеңменен біргалай сөз» – Шәкәрім поэзиялық туындылары, өлеңдері мен поэмаларын жатқа оқу. Қазылар алқасы бұл бағытта оқушы жатқа білетін Шәкәрім шығармаларының санына байланысты бағалайды.

2) «Ән – өлшеуіш, өлең – күміс» – Шәкәрім әндерін орындау шеберлігі бағаланады.

3) «Арыңның болсын өлең айнасындай» – оқушылардың өз шығармалары (поэзиялық), ақындық таланты бағаланады.

4) «Шәкәрім әлемі» – Шәкәрімнің шығармашылығына, рухани болмысына қатысты ұсынылған тақырыптардан бірін таңдап, эссе жазу.

Қатысушының теориялық білімін, шығармашылық қабілетін тексеру мақсатында эссе жұмысы бойынша арнайы 3 тақырып ұсынылады. Эссенің сөз саны – 250, жазу уақыты – 1 сағат 30 минут.

## **2. Байқаудың өткізілу кезеңдері:**

1 – аудандық (қалалық) кезең білім беру бөлімдерімен өткізіледі;

2 – облыстық, қорытынды кезеңіне әр бағыт бойынша 1 оқушы қатыса алады, яғни бір командада 4 оқушы болуы тиіс.

Байқауды өткізу барысын қадағалау және ұйымдастыру жұмысының дайындығын іске асыру үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті Байқаудың қорытынды кезеңінің өткізілу орнын белгілеп, дайындық жұмыстарын жүргізуде тікелей басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын, қатысушылардың тізімін, өткізу бағдарламасын бекітіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

Қазылар алқасының құрамына жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, білім беру ұйымдарының білікті мұғалімдері, ақын – жазушылар мен журналистер кіреді. Қазылар алқасы қатысушылардың білімі мен өнерін бағалайды, ұйымдастыру және өткізу барысындағы мәселелерді талқылайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

Байқауды өткізу туралы ақпараттық хат және өткізілу Ережесі «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру орталығының сайтында орналастырылады.

## **IV. Қорытындылау және марапаттау**

1. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері әрбір бағыт бойынша қатысушылардың жалпы санының 45% пайызын құрайды.

2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Павлодар облысы білім беру басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен, алғысхаттарымен марапатталады. Дипломдар саны келесі пропорция бойынша анықталады: жеңімпаздардың 50%-ы - III дәрежелі дипломдармен, 30%-ы - II дәрежелі дипломдармен, 20%-ы - I дәрежелі дипломдармен марапатталады.